

ӘОЖ 81'42; 801.7

Ы.М. Палтөре

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: yktiyar@inbox.ru

Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңінің мәтініне құран және хадис мәтіндері аясында талдау

Аннатпа. Мақалада Абай Құнанбайұлының «Әсемпаз болма әрнеге» деп басталатын өлеңіне діни мәтіндер аясында талдау жасалады. Осылайша, ақынның ой-толғамдары діни мәтіндермен астарласып жатқандығы жайында сөз болады.

Түйін сөздер: Абай, өлең, шумақ, аят, хадис, мәтін.

Хакім Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» деген өлеңі 1894 жылы жазылған. Бұл өлеңінің толық мәтіні мына төмендегіше:

Әсемпаз болма әрнеге, // Өнерпаз болсаң,
арқалан.
Сен де – бір кірпіш, дүниеге, // Кетігін тап
та, бар қалан!
Қайрат пен ақыл жсол табар // Қашқанга
да, құғанга.
Әділет, шапқат кімде бар, // Сол жарасар
тұганга.
Бастапқы екеу соңғысыз, // Біте қалса
қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз, // Барар
едің қай жсаққа?
Пайданы көрсөң бас ұрып, // Мақтанды
ізден, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасасырып, // Майданға
түспей бәйгі алма.
Өзіңде бармен көзге ұрып, // Артылам деме
өзгеден.
Күнdestігін қоздырып, // Азапқа қалма
е兹беден.
Ақырын жүріп, анық бас, // Еңбегің кепнес
далага.
Ұстазтық қылған жалықпас // Үйретуден
балага.

Осы өлеңің мазмұны жайлы абайтанушығалым Ж. Дәдебаев: «Өлең мазмұны қазақ халқының дүние-әлем, бақи мен жалған туралы байрығы ұғым-түсініктерімен, дәстүрлі дүниетанымның негізгі категорияларымен тығыз байланысты. Ақын адамгершілік туралы ойларын қайрат, ақыл, әділет, шапқат секілді адам бойындағы асыл қасиеттер негізінде ашады» [1, 125], – деп жазады. Бұл айтылған пікірлермен қосылуға болады. Біз осы пікірді әрі қарай жалғап, ақынның осы өлеңінің мәтінін Құран және хадис мәтіндерімен байланыстыра талдауды мақсат етіп отырмыз. Әсіресе Абайдың «Сен де – бір кірпіш, дүниеге, // Кетігін тап та, бар қалан!» дейтін өлең жолдарын Мұхаммед пайғамбардың айтқан хадистерімен байланыстырып Абай айтқан ой-пікірдің бастауы – Құран және хадис мәтіндеріне негізделеді деген пікірді алға тартамыз. Бұл айтылғанға дәлел ретінде мыналарды ұсынамыз.

Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің біріндегі:
المؤمن للمؤمن كالبنيان يشد بعضه ببعضه ، وشبك بين
أصابعه .

«Мұсылман мұсылман үшін бірін-бірі қолдан тұратын бір гимараттың боліктегері іспеттес» деп екі қолының саусақтарын бірінің арасына бірін салып көрсетті» делінсе, тағы бір хадисте пайғамбар:

أَخْبَرَنَا عَلِيُّ بْنُ حَمْرَانَ أَنَّ إِسْمَاعِيلَ قَالَ حَدَّثَنَا عَبْدُ اللَّهِ بْنُ دِينَارٍ عَنْ أَبِيهِ صَالِحٍ عَنْ أَبِيهِ هَرِيرَةَ أَنَّ رَسُولَ اللَّهِ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ قَالَ: مَثْلِي وَمَثْلُ الْأَنْبِيَاءِ كَمَثْلِ رَجُلٍ بَنَى بَيْتًا فَأَحْسَنَهُ وَأَجْلَهُ إِلَّا مَوْضِعُ لَبْنَةٍ مِّنْ زَوَّابِهِ مِنْ زَوَّابِهِ فَجَعَلَ النَّاسَ يَطْوَفُونَ بِهِ وَيَعْجَبُونَ لَهُ وَيَقُولُونَ لَهُ هَلَا وَضَعَتْ هَذِهِ الْلَّبْنَةُ فَأَنَا مَوْضِعُ الْلَّبْنَةِ وَأَنَا خَاتَمُ النَّبِيِّنَ

«Мені мен (маған дейінгі) пайғамбарлардың мысалы бір кісінің құрылыш салып, оны әдемілеп, көріктенедіріп тек бұрыштарының бірінде бір кірпіш сиятын кетік қалдырып кеткеніне үқсайды. Оған адамдар келіп айналып көріп, таңырқап, әлгі (құрылыш салған) кісіге: эттең мына кетікке бір кірпіш қойсаң гой деседі. Расында сол кетік – менің орным. Сондай-ақ мен пайғамбарлардың ең соңғысымын», – дегені айтЫлады. Бұл хадисті имам әл-Бұхари, имам Мұслим, әл-Бәйhaқи және ән-Насаи сиқты атақты хадистанушы ғалымдар бізге жеткізген. Сондықтан бұл хадистердің дұрыстығы құмән тудырмайды. Тек нұсқалар арасындағы кейбір сөздерінде азын-аулақ айырмашылығы болмаса, жалпы хадистің мазмұны мен идеясы бір.

Осы екі хадистің алғашқысында пайғамбар мұсылмандардың бір-біріне қолдау беруін, демеуін түсіндіргенде оларды бір ғимараттың кірпіштері сияқты бірін-бірі берік ұстап тұратындығын аңғартса, екінші хадис мәтінінде пайғамбар өзін ең соңғы кетікті жабатын бір кірпіш бейнесінде суреттейді. Хакім Абай осы айтЫланғанды интерпретациялап, оқырманға пайғамбар өмірін үлгі-өнеге етіп, бұл дүниедегі әрбір адамды кірпішке теңейді. Абай әрбір адамды бұл дүниеде «Сен де бір кірпісің!» деу арқылы оның мойнына жүктелген міндеттің ауырлығын сезінуге, түсінуге ұндайді. Сондықтан оқырманға уақытында босқа жібермей өз орнынды тауып жүктелген міндетті атқар дегенді ақын «Кетігін тап та, бар қалан!» деп береді. Осы өлең жолдарының алғашқы екі жолына бізге дейін шағын түсініктеме беріліп: «... «Өнерпаз болсаң, арқалан» деп жазылып жүрген екінші жолды қазақ, үйғыр тілдерінің жақсы маманы Ә. Қайдаров: «Өнерпаз болсан әрқилан» деп оку керек дейді. Парсы тілінде hərхил «әр алуан, әртүрлі, әрқилы» дегенді білдіретін сөз. Ғалымның бұл топшылауының жөні бар: «арқалан етістігі мағына жағынан осы жолға келіп тұрған жоқ (немен арқалану керек, не үшін нені арқалану керек?), ал «әр жақты болсан, көп нәрсеге өнерпаз болсан, сен де дүниенің бір кірпіші іспеттісің, кетік жерге

барып қалана біл, яғни өзінді керек іске жүмса» деген ой әлдеқайда логикаға сыйымды...» [2, 128], – делинеді. Бір қарағанда, бұл айтЫлған пікірмен қосылуға болатын сияқты. Бірақ Абай айтқан ой-толғамдарды жоғарыда келтірілген діни-ислами мәтіндер аясында қарасақ, өлең шумактары ешқандай өзгеріс енгізуіді кажет етпейді. Өйткені сөз болып отырған «арқалан» сөзінің араб қарпімен жазылған нұсқасына жүгінсек, Абай шығармаларының 1909 жылғы алғашқы жинғында:

آسیم باز بولمه هر نیکه * اونار باز بولسانك آرقالان

«Әсемпаз болма һәрнеге, // Өнерпаз болсаң арқалан» деп нақты жазылған. Сондықтан «арқалан» сөзін жоғарыда айтЫлғандай «әрқилан» деп өзгерту немесе сол мағынада түсіну орынды бола қойmas.

Бұған қоса осындағы «Өнерпаз» сөзі біз билетін өнер мағынасында емес, «іс-әрекет, қызмет, кәсіп» мағынасында. Бұл пікірді Абай тілін зерттеген академик Р. Сыздыкова да қуаттайды. Өйткені ғалымның: «...өнер сөзі қазірде «искусство» мағынасында тұрақталған. Ал Абайда, ең алдымен, бұл сөз «кәсіп, профессия, қызмет» үғымын береді... Өнер сөзінің таза «кәсіп, іс-әрекет» мағынасында келтірілгеніне: «қажеке, молдеке аталақ үшін өнер қылып едіндер» деген сөйлемі де мысал болады...» [3, 70], – деп жазған болатын.

Міне, сондықтан бұл өлең жолдарында текстологиялық өзгеріс жоқ. Тек «арқалан» және «өнерпаз» деген сөздердің ақын өмір сүрген ортадағы діни дүниетаным аясында, Құран және хадис мәтіндерімен байланыстыра талдау қажет деген пікірдеміз. Сонда жоғарыда келтірілген: «...немен арқалану керек, не үшін нені арқалану керек?» деген сұрақтың жауабы табылады.

Біздің пайымдауымызша, Абай әрбір оқырманды мына откінші жалған дүниенің көрсекізар жылтырағына алаңдап, әр нәрсенің басын бір шала бермей, Құдайдың саған берген өнерінің, қабілетінің жауапкершілігін сезінуге шақырады. Құдай тағала әрбір адамға өзіне лайықты қабілет беріп, өнер иесі етеді. Әрі мұның о дүниеде өзіне жүктелген міндетті атқар. Пенделікке салынып көрсекізар болма! Өз ісіндең, қызметіндең жауапкершілігін арқалан. Сенің бұл өмірде атқаратын өз қызметің бар. Міне, сондықтан кешіктірмей өз орнынды тауып, кірпіштей қалан. Сенің үстінде басқалар

қаланады. Осылайша, қоғам құрылады. Сен өз міндетінді орындаудан, жүктелген істі арқаланудан қашсаң немесе басқа біреудің орнына көз тігіп, аяқтан шалып, бұл орынға мен лайықтын деп Құдайдың саған өзгеден ерекше етіп берген қабілетін мойындау, өнерін қанағат тұтпау, оның жауапкершілігін сезінбейу, сенің үстіңе басқаның қаланғанын қаламау, өзінді жоғары ұстауың түбі жақсылыққа алып бармайды дегенге саяды. Бұлайша талдауымыздың бір себебі өлең шумағының жалғасында Абай: «...Қайрат пен ақыл жол табар, / Қашқанға да құганға // Әділем, шапқат кімде бар, / Сол жарасар тұганға», – дейді. Яғни адам бойындағы қайрат пен ақылға ерік берсең, ол кімге болса да, тығыларға пана таптай қашқанға да, мәз болып олжала болмақ ниетпен артынан құғанға да жол тауып береді. Бірақ қандай жағдай болса да, қашсаң да, кусаң да ең баста – әділдік пен шапқат-мейірімділікті ұстан! Бұл сенің адам деген атыңа лайық. Шынында, сен бұл дүниенің есігін туылу арқылы аштың. Ешбір нәрсеге қабілетсіз, дәрменсіз, өнерсіз болған кезінде саған мейірімділікпен қарап, сені бағып-қағып адам қатарына қосқандар бар. Ананың омырауынан ақ сүт ағызып, мейірімділігін төккен Құдайыңды ұмытпа. Егер сен әрбір ісінде әділдік пен мейірім-шапқатты ту етіп ұстансаң, сонда ғана адамдың атыңа жарасады дегенді мензейтіндей. Бұлай деуге тағы бір себеп өлең жолының жалғасында Абай: «Бастапқы екеу соңғысыз, / Біте қалса қазақта, // Алдың – жалын, артың – мұз, / Барар едің қай жаққа?», – дейді. Талдан айтсақ, адам бойында ең баста «...әділем пен шапқат-мейірім» болмаса, тек бастапқы екеуі, яғни «қайрат пен ақыл» біте қалса, ол қазақи мінезді адамды адастырады. Осылайша пенделикке салынып, қайратың мен ақылыңды болыс-билікке, бақ таластыққа, аяқтан шалуға, жала жабуға, ұрлық-қарлыққа, өсек-өтірікке арнап, өзінді-өзің о дүниелік өмірде жалындағын тозақ отына лайық етесің. Ал бұл дүниеде қалсан үштіннен құрган тұзағына түсіп, екі аяғынды нық баса алмай, бейнебір мұз үстінде жүргендейсің. Абайдың «Алдың – жалын, артың – мұз», – дейтіні осы. Енді бұл жүрісіңмен қай жаққа бармақсың? Алдағы уақытта келер о дүниелік өмір де, өткінші осы жалған дүниеде де тірлігің онып тұрған жоқ қой! Кел, ақылымды тыңда дей келе Абай: «...Пайданы көрсөң бас ұрып, / Мақтанды

ізден қайғы алма. // Мініңді ұрлап жасырып, / Майданға түспей бәйге алма. // Өзіңде бармен көзге ұрып, / Артылам деме өзгеден. // Күндестьігін қоздырып, / Азапқа қалма езбеден. // Ақырын жүріп анық бас, / Еңбегің кетпес далага...» дейді. Енді осы айттылған өлең жолдарын талласақ, Абай өз тыңдарманына ақыл-кенес айтып, егер сен пайданы көрсөң онды-солсыз бас ұрып, жабыса кетпе, ақылға сал, әділдік пен шапқат-мейірімді ұстан. Сондай-ақ мақтанды ізден, ел-жүртқа мақтанамын деп жүріп, о дүниелік қайғынды арттырып алма! Өз бойындағы кемшилік, мінінді жасырып, уақытынды босқа өткізбе! Өз-өзінмен жұмыс жаса, бойындағы кемшилігінді, мінінді түзетіп, ашық сайысқа тұс! Әділдік билік құрган майданда жарысқа түспей сый, бәйге алуға асықпа! Сый, бәйге шынайы лайықты адамға бұйырсын. Егер саған бұйыра қалса, асып-таспа немесе өз бойындағы Құдайдың берген қабілетін, өнерін мақтан етіп, көзге түсіп, мен басқалардан артықтын, жоғарымын деме. Мұндай қылыш өзгелердің ішін күйдіріп, күншілдіктің қозуына себеп болады. Ал бұл сені түбінде тозақ отының азабын тартуға итермелейді. Сондықтан байсалдылықпен ақырын жүріп, аяғынды анық бас! Шалыс баспа, пенделікке жол берме! Қарапайым жүріп, көзден таса, шынайы ниетпен істеген әрбір ісің, еңбегің зая кетпейді. Адамнан кайтпаса да Құдайдан кайтады. Құранда: «...Кімде-кім тозаңың түйірінің салмағында жақсылық істеген болса, сөзсіз ол оны көреді...» [4, 99:7] деген аят бар. Сенің ешбір еңбегің далага, босқа кетпейді. Сондықтан сен бұл өмірде, қоғамдағы өз орнынды тауып, кетікке қаланған кірпіштей бол. Өзіңе жүктелген міндettі арқалан! Сенің үстіңе басқалар қаланады. Сен оның ауыртпалығына шыдап өз орнында тұр! Басқаның орнына барам деп уақытты өткізіп алма. Әрбір адамның өмірі өлшеулі болады. Уақыт сағаты келіп дүние салғанда оның орнын басқалар басады. Осылайша, дүниенің кетігі толып, алмасып отырады. Әрбір адамның есеп-қисап беретін күні әлі-ақ жетеді. Сонда сенің раяшылдықтан пәк, адал еңбегің бағаланады, ол еш зая кетпейді. Мен оқып-білгенімді ортага салып, ақыл-кенес айтып, ұстаздық қызмет атқарып жатқандықтан балам ретінде саған үйретуден, кайта-қайта айтудан жалык-паспын дей келе ақын мұны: «Ұстаздық қылған жалықпас, / Үйретуден балаға» деп

жалпылама мағынада жеткізеді. Осылайша, Абай пайғамбар хадисіндегі кірпішті әрбір адамға теңел, өзін де бір кірпішке балайды. Сейте отырып, заманымдағы міндетім – балаға үйретуден жалықпайтын ұстаздық қызмет болса керек дегенді мензейді.

Осы орайда, Абай тілін зерттеуші ғалым Г.Ә. Мұратованаң: «...Абай өзінің әлеумет өміріндегі рөлін жақсы сезінеді, өйткені уәж болатыны – Абай өз кезеңінің ақыны ғана емес ұстазы да болатын әрі ақындықты азаматтық парызын деп санаған, «сөйтіп, өз заманының ұстазы, өмірді окушыларына үйретуші, танытуши...» [5, 289], болды деген пікірі біздің талдауымызды қуаттай түсетіні даусыз.

Міне, осылайша біз Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» деп басталатын өлең жолдарына шамамыз келгенше қысқаша талдау жасадық. Бізге дейін бұл өлең жолдарын абайтанушы ғалым Ж. Дәдебаев мағыналық құрылымы жағынан төрт бөлімге бөліп түсіндірген екен. Нақтырақ айтсақ, «...бірінші мағыналық бөлімде адам алдына нақты міндет қойылады, оған белгілі бір иғі іс атқару парызы жүктеледі (бірінші шумак). Екінші мағыналық бөлімде сол міндетті орындауға, істі атқаруға қажетті адамгершілік ізгі қасиеттер көрсетіледі. Қайрат, ақыл бір болып, әділет пен шапқат шет қалса, онда оның адамгершілік негізі кемелденбей, өмірі бағдарсыз, баянсыз өтетіндігі туралы ой тұжырымдалады. Өлеңнің

үшінші мағыналық құрылымын төртінші және бесінші шумактар түзеді. Онда ақын адамгершілік кемелдікке жетуге ниет еткен кісінің қандай жаман қылықтардан бойын аулақ салуы парыз екендігі көрсетіледі. Төртінші мағыналық бөлім адамгершілік кемелдікке жетуге ниет қылған кісінің қандай жақсы қылықтарды әдет ету қажеттігі туралы ғақылмен аяқталады. Бұл бөлімдегі ақындық ой алдыңғы мағыналық бөлімдерде баяндалған мазмұнның қорытындысы, түйіні қызметін атқарады...» [1, 126-б.], – деп жоғарыда біз келтірген түсініктерді ғылыми түрде жүйелеп ұсынғанына күә боламыз.

Әдебиеттер

1 Абай. Энциклопедия / бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.

2 Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем тексті лингвистикалық талдау. – Алматы: Мектеп, 1989. – 128 б.

3 Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.

4 Халифа Алтай. Құран Қәрім қазақша мағына және түсінігі. – Алматы, 2000. – 476 б.

5 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйе // филол. ф. док. ғыл. Дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – А. – 303 б.

Ы.М. Палторе

Анализ текста стихотворения Абая «Әсемпаз болма әрнеге» в свете текстов Корана и хадисов

В данной статье дается анализ стихотворения Абая Кунанбаева, которое начинается словами «Асемпаз болма арнеге», в свете религиозных текстов, то есть связь идей поэта с религиозным текстом.

Ключевые слова: Абай, стих, куплет, аят, хадис, текст.

Y.M. Paltore

Analysis of the text of the poem by Abai «Asempaz bolma arnege» in light of the Qur'an and Hadith

This article provides an analysis of the poem Abai Kunanbaev, which begins with the words «Asempaz bolma arnege» in the light of religious texts. Thus the connection of ideas of the poet with a religious text.

Keywords: Abai, verse, verse, hadith, Text.